

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім  
министрлігі Ғылым комитеті  
төрағасының  
2022 жылғы «29» қыркүйектегі  
№ 151-нж бұйрығымен  
бекітілген

**2023-2025 жылдарға арналған  
«Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін  
гранттық қаржыландыруға арналған  
конкурстық құжаттама**

**1. Жалпы ережелер**

1. Конкурс Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалым – постдокторанттардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыруға (бұдан әрі – Конкурс) өткізіледі.

Конкурстың мақсаты – жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді қалыптастыру, талантты жастарды ғылымға тарту және бекіту, жас ғалымдардың үлесін арттыру.

2. Конкурстық құжаттама «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережеге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамананы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы үшінші отырысында Мемлекет басшысының берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 20-тармағына, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

3. Конкурстық құжаттаманы ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (бұдан әрі – Ғылым комитеті) конкурстарға қатысуға өтінімдер дайындау мақсатында әзірледі.

4. 2023-2025 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы – 3 млрд. теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2023 жылы – 1 млрд. теңге, 2024 жылы – 1 млрд. теңге, 2025 жылы – 1 млрд. теңге.

Іске асыру мерзімі 35 айға 1 (бір) жобаны қаржыландыру 24 млн.теңгеден аспайды, оның ішінде 2023 жылға – 8 млн. теңгеден аспайды; 2024 жылға – 8 млн. теңгеден аспайды; 2025 жылға – 8 млн. теңгеден аспайды.

5. Зерттеу түрі: іргелі және қолданбалы зерттеулер.

6. Гранттар постдокторлық бағдарлама шеңберінде зерттеуді іске асыру жоспарында қойылған міндеттерді шешуге бағытталған қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуге жас постдокторант ғалымдардың шығыстарын қаржыландыру үшін бөлінеді.

7. Грант ғылыми консультанттың қатысуымен постдокторанттардың жеке зерттеулері үшін қарастырылады.

8. Жеке тұлға постдокторант ретінде тек бір өтінімге қатысуға құқылы.

**2. Конкурса ғылымды дамытудың келесі басым бағыттары бойынша өтінімдер ұсынылуы мүмкін**

Басым бағыттар	Мамандандырылған ғылыми бағыттар
1. Энергетика және машина жасау	1.1 Баламалы энергетика және технологиялар: жаңартылатын энергия көздері, ядролық және сутегі энергетикасы, басқа да энергия көздері; 1.2 Жылу және электр энергетикасы және энергетикалық сектордың қоршаған ортаға әсері, энергия үнемдеу; 1.3 Көліктік, ауылшаруашылық, мұнайгаз және тау-кен-металлургиялық машина жасау
2. Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология	2.1 Су ресурстарын сақтау мен басқарудың өзекті мәселелерін зерттеу; 2.2 Топырақ сапасының, жердің тозуы мен шөлейттенудің өзекті проблемаларын зерттеу. 2.3 Ауа сапасының өзекті мәселелерін зерттеу; 2.4 Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау және ұтымды пайдалану; 2.5 Геоақпараттық жүйелерді және қоршаған орта объектілерінің мониторингін дамыту; 2.6 Су тазарту, газ тазарту, топырақ және шаң жинау жүйелері; 2.7 Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды кешенді қайта өңдеу және кәдеге жарату; 2.8 Климаттың өзгеруін және оның қоршаған ортаға әсерін зерттеу; 2.9 Парниктік газдар шығарындыларының және сіңірудің деңгейін төмендету жүйелері; 2.10 Жасыл технологияларды әзірлеу.
3. Геология, минералды және көмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар	3.1 Сәулет, құрылыс технологиялары, материалдар мен конструкциялар; 3.2 Биомедициналық материалдар, биологиялық белсенді заттар, биологиялық және медициналық препараттар; 3.3 Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын игеру; 3.4 Минералдық шикізатты кешенді және қалдықсыз пайдалану; 3.5 Тау-кен металлургия секторындағы инновациялық технологиялар; 3.6 Өнімдер мен материалдарды өндірудің ақпараттық жүйелері; 3.7 Жер туралы ғылымдар саласындағы зерттеулер; 3.8 Каталитикалық жүйелер мен технологиялар; 3.9 Көмірсутек шикізатын кешенді қайта өңдеу; 3.10 Минералдық шикізатты кешенді және қалдықсыз пайдалану; 3.11 Композициялық материалдар; 3.12 Металл материалдар мен жабындар; 3.13 Наноматериалдар және нанотехнологиялар; 3.14 Табиғи шикізат пен техногендік қалдықтар негізінде көп мақсатты мақсаттағы жаңа материалдар; 3.15 Жерасты құрылыстары, топырақ негіздері мен іргетастар; 3.16 Арнайы қасиеттері бар Полимерлі материалдар; 3.17 Бұйымдардың, конструкциялар мен машиналардың қауіпсіздігі мен сенімділігі саласындағы қолданбалы зерттеулер; 3.18 Химия ғылымы саласындағы қолданбалы зерттеулер; 3.19 Баламалы энергия көздерін қолдану; 3.20 Металдар мен материалдарды өндіру және өңдеу;

	<p>3.21 Өнеркәсіптік биотехнология;</p> <p>3.22 Табиғи шикізат пен өнеркәсіптік өндіріс қалдықтарын қайта өңдеудің аса критикалық технологиялары..</p>
4. Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар	<p>4.1 Жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар:</p> <p>4.1.1 Басқару және шешімдерді қабылдау зияткерлік жүйелері (оның ішінде, нақты уақыт тәртібінде);</p> <p>4.1.2 Сөйлеу технологиялары және компьютерлік лингвистика;</p> <p>4.1.3 Кескіндерді өңдеу және бейнелерді танып білу;</p> <p>4.1.4 Биоинформатика;</p> <p>4.1.5 Машиналық оқыту (<i>machine learning</i>);</p> <p>4.1.6 Зияткерлік роботты техникалық жүйелер;</p> <p>4.1.7 Макроэкономикалық саясаттың, қор және қаржы нарықтарының зияткерлік ақпараттық технологиялары;</p> <p>4.1.8 Ғылыми және электрондық білім беру үдерістеріндегі <i>смарт</i> Технологиялар;</p> <p>4.1.9 Индустрия үшін жаңа технологиялар негіздері: толықтырылған және Виртуалды шындық жүйелері, 3D-принтинг және басқа аддитивті өндірісі, Заттар интернеті;</p> <p>4.2 Телекоммуникациялық технологиялар:</p> <p>4.2.1 Байланыс жүйелерінде, деректерді беру желілерінде (оның ішінде мультисервистік платформаларда: мобильді және ойын интернет технологияларында) басқару және оңтайландыру;</p> <p>4.2.2 Телекоммуникациялық жүйелер мен байланыс желілеріндегі заманауи және перспективті технологиялар мен бағдарламалық-техникалық құралдар;</p> <p>4.2.3 Онлайн-сауда, цифрлық банкинг және басқа да цифрлық сервистер үшін ақпараттық-коммуникациялық жүйелер;</p> <p>4.3 Ғарыштық технологиялар:</p> <p>4.3.1 Ғарыштық және геодинамикалық процестерді, табиғи ресурстарды мониторингілеу және болжау, Жерді қашықтықтан зондтау;</p> <p>4.3.2 Ғарыш техникасы мен жерүсті-ғарыш инфрақұрылымына арналған аппараттық-бағдарламалық құралдар мен аспаптарды әзірлеу технологиясы;</p> <p>4.3.3 Алыс және жақын ғарышты зерттеудің ғылыми және эксперименттік базасын дамыту;</p> <p>4.4 Жоғары өнімділік есептеу технологиялары</p> <p>4.4.1 Бұлттық, параллельдік және үлестірілген есептеулер;</p> <p>4.4.2 <i>Big-Data</i> технологиялары;</p> <p>4.4.3 Геоақпараттық технологиялар және жүйелер;</p> <p>4.4.4 Есептеу жүйелерін техникалық қамтамасыз етуді жобалау технологиясы және архитектурасы: ПЛИС, кристалдағы жүйелер және т. б.;</p> <p>4.4.5 Ақпараттық-іздеу жүйелері;</p> <p>4.5. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау әдістері мен технологиялары:</p> <p>4.5.1 Күрделі жүйелер мен деректердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері мен алгоритмдері;</p> <p>4.5.2 Ақпаратты қорғаудың технологиялары және бағдарламалық-техникалық құралдары;</p> <p>4.6. Сандық технологиялар және олардың қосымшалары.</p>
5. Агроөнеркәсіптік	5.1. Мал шаруашылығының қарқынды дамуы.

<p>кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі</p>	<p>5.2.Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.  5.3.Қарқынды егіншілік және Өсімдік шаруашылығы  5.4.Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.  5.5.Ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын қайта өңдеу және сақтау.  5.6.Агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуды техникалық қамтамасыз ету  5.7.Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту.</p>
<p>6. Өмір және денсаулық туралы ғылымдар</p>	<p>6.1 Қазақстанның генетикалық ресурстарын зерделеу, сақтау және ұтымды пайдалану. Мониторинг пен қоршаған ортаны қорғаудың инновациялық тәсілдері.  6.2 Ауыл шаруашылығындағы өсімдіктер сорттарының және жануарлар тұқымдарының өнімділігі мен төзімділігін арттыруға арналған инновациялық биологиялық зерттеулер.  6.3 Медицина мен қоғамдық денсаулық сақтаудағы инновациялық зерттеулер.  6.4 Отандық фармацевтикалық ғылымды, өнеркәсіптік және экологиялық биотехнологияны дамыту.  6.5 Іргелі және қолданбалы зерттеулердегі геномдық және биоақпараттық технологиялар.</p>
<p>7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер</p>	<p>7.1. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер:  7.1.1. Макроэкономикалық зерттеулердің өзекті мәселелері, Халықаралық экономикалық қатынастар мен саясат, ақша-кредит және фискалдық саясат, экономикалық өсу және дағдарыс.  7.1.2. Микроэкономика, менеджмент, шаруашылық жүргізуші субъектілер және бизнес-ортаны дамыту саласындағы зерттеулердің өзекті мәселелері.  7.1.3. Әлеуметтік жаңғыртудың өзекті мәселелері: демография, көші-қон, өмір сапасы мен адам ресурстары, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.  7.1.4. Әлеуметтану, социолінгвистика, саясаттану, дінтану, антропология, этнография, этнология, этносаясат, Конфликтология, гуманитарлық география, этносаралық, дінаралық және этноконфессионалдық қатынастардың өзекті мәселелері.  7.1.5. Мемлекеттік басқарудың, мемлекеттің, қоғамның, экономиканың дамуын құқықтық қамтамасыз етудің, саяси трансформацияның өзекті мәселелерін зерттеу.  7.1.6. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, өңірлік және трансшекаралық геосаяси, геэкономикалық, геокеңістіктік және интеграциялық процестердің өзекті проблемаларын зерттеу.  7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер:  7.2.1. Қазақстан тарихындағы ұлы есімдер мен Ұлы дәуірлер.  7.2.2. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың теориялық және әдіснамалық негіздерінің соңғы тенденциялары және оларды зерттеулерде қолдану. Жаңа гуманитарлық білім. Синергетикалық және философиялық зерттеулер. Гуманитарлық информатика.  7.2.3. Археология отандық тарихтың теориялық-әдіснамалық</p>

	<p>мәселелері контекстінде; отандық тарихтың жаңа парадигмалары контекстіндегі археологияның теориялық-әдіснамалық мәселелері.</p> <p>7.2.4. Жалпыұлттық бірлік, дәстүрлер мен діндердің үндесуі.</p> <p>7.2.5. Қазақстанның қасиетті рухани жерлері. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы.</p> <p>7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы.</p> <p>7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары.</p> <p>7.2.8. Қазақстан ХХ-ХХІ ғғ. тарихи және мәдени үдерістердің әлемдік жүйесінде.</p> <p>7.2.9. Дәстүрлі қазақ өнері мен қазіргі өнертанудың өзекті мәселелері. Мәдениетті трансдисциплинарлық зерттеу. Қазақстанның креативті индустриялары және арт-менеджмент.</p> <p>7.2.10. Социогуманитарлық саладағы ақпараттық және цифрлық технологиялар. Ақпараттық кеңістіктегі адам.</p> <p>7.2.11. Қазіргі лингвистиканың өзекті мәселелері, мемлекеттік тілдің лингводидактикалық, лингвотеоретикалық және лингво қолданбалы базасы, лингвистикалық білімнің жаңа жүйелері.</p>
8. Білім және ғылым саласындағы зерттеулер	<p>8.1 ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт проблемаларын іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу:</p> <p>8.1.1 Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері.</p> <p>8.1.2 Білім беру және лингвистика саласындағы өзекті мәселелер.</p> <p>8.1.3 Дене шынықтыру және спорт саласындағы зерттеулер.</p> <p>8.1.4 Педагогтердің біліктілігін арттыру мәселелерін зерттеу.</p>
9. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс	<p>9.1. Іргелі ғылыми зерттеулер</p> <p>9.1.1 Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің жалпы теориясы.</p> <p>9.1.2 Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту.</p> <p>9.2. Қолданбалы ғылыми зерттеулер.</p> <p>9.2.1 Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</p> <p>9.2.2 Әскери қауіпсіздік және әскери өнер саласындағы зерттеулер.</p> <p>9.2.3 Қорғаныс-өнеркәсіп кешенін, қару-жарақ пен әскери техниканы, әскери-ғарыштық технологияларды дамыту.</p> <p>9.2.4 Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл .</p> <p>9.2.5 Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету.</p> <p>9.2.6 Құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету.</p> <p>9.2.7 Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы зерттеулер.</p> <p>9.2.8 Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</p>
10. Жаратылыстану ғылымы саласындағы ғылыми зерттеулер	<p>10.1 Математика және механика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер</p> <p>10.2 Физика және астрономия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.</p> <p>10.3 Химия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.</p> <p>10.4 Информатика саласындағы іргелі зерттеулер.</p> <p>10.5 Биология саласындағы іргелі зерттеулер.</p> <p>10.6 Экология және география саласындағы іргелі зерттеулер.</p>

### 3. Біліктілік талаптары

#### I Өтініш беруші-ұйымға қойылатын талаптар

1) Конкурса қатысу үшін өтінімді өтініш беруші-ұйым - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектісі, сондай-ақ білім берудің автономдық ұйымы береді.

2) Өтініш беруші-ұйымның қажетті жабдықтары, ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін басқа да материалдық және технологиялық мүмкіндіктері болуға, барлық деңгейдегі бюджеттерге салық төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауға тиіс, төлеуге қабілетті болуға, тарату, банкроттық процесінде болмауға тиіс.

3) Өтініш беруші ұйымның постдокторантура туралы бекітілген Ережесі немесе постдокторлық бағдарламасы болуы тиіс;

4) Өтініш беруші-ұйым жоба шеңберінде постдокторанттың жұмыс уақытын есепке алуы тиіс (*постдокторант жоба бойынша еңбек келісімі шеңберінде толық жұмысбасты режимінде жұмыс жасауы тиіс. Жұмыс уақытының ұзақтығы жоба бойынша аптасына 40 сағатты құрауы тиіс.*).

#### II. Постдокторантқа қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы болуы немесе қандас (*бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығына тұрмаған, тарихи отанына келген және халықтың көшіп-қонуы туралы заңнамасымен бекітілген тәртіпте тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері*) немесе ҚР азаматы емес қазақ ұлтының тұлғасы болуы;

2) жасы 40 жастан аспаған (өтінім берген сәтте қоса алғанда);

3) философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) болуы немесе докторантура бағдарламасының толық курсы бітірген тұлға болу (өтінім берген сәтте);

Докторантура бағдарламасының толық курсы бітірген тұлға жобаны іске асыруға шарт жасалған күннен бастап 12 ай ішінде өзін қорғауға міндетті. Бұл талап орындалмаған жағдайда қаржыландыру тоқтатылып, ұлттық ғылыми кеңестердің шешімі негізінде шарт бұзылады;

4) соңғы 12 ай ішінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға ғылыми жетекші немесе толық және одан да көп тартылған зерттеу тобының мүшесі болмауға тиіс (өтінім берген сәтте);

5) келесі минималды талаптарға сәйкес келетін отандық және/немесе шетелдік консультанттары болуы:

- қауымдастырылған (доцент) немесе профессор ғылыми атағы немесе ғылым докторы/кандидаты ғылыми дәрежесі болуы. Шетелде алған дипломдарының баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді;

- ғылыми консультанттың ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі тиіс;

- жеке тұлға бір конкурстың шеңберінде 2 (екі) артық постдокторантқа консультант болуы мүмкін емес.

б) жобаны іске асыру кезінде докторант жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Еуропалық кредиттерді аудару және жинақтау жүйесі (ECTS) бойынша жобаның бүкіл кезеңінде жалпы оқу жүктемесі кемінде 3 кредит (әр семестрде) бір немесе бірнеше пәндерді оқытуы тиіс (жоба есебінен төленетін).

7) Грант жеке зерттеу үшін қарастырылады. Зерттеу тобының басқа мүшелері және/немесе көмекші персонал осы жобаның шеңберінде қарастырылмаған.

#### **4. Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар**

1. Өтініш берушінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеуі туралы куәліктің көшірмесі.

2. Конкурса қатысуға өтінім 1-қосымшаға сәйкес жасалады. Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал түсіндірме жазба және сұратылып отырған қаржыландыру есебі Мемлекеттік не орыс, сондай - ақ ағылшын тілдерінде ұсынылады;

3. Биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін).

4. Жекеше әріптес тарапынан үлесі (ұлттық қауіпсіздікті және қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер бойынша жобаларды қоспағанда, жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ету туралы) іргелі зерттеулер бойынша мүмкіндігінше, қолданбалы зерттеулер бойынша міндетті түрде жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 0,1% туралы келісім.

Оларды іске асыру мерзімдері (жобаны іске асырудың екінші жылынан кешіктірмей), жобаның атауы, салым сомасы немесе қажетті ресурстар көрсетілген, сондай-ақ Тараптардың қолдары қойылған және мөрлерімен куәландырылған салым туралы еркін нысандағы келісім тараптардың ниетін растау болып табылады.

5. Бекітілген постдокторлық бағдарламаның немесе постдокторантура туралы ереженің болуы (ЖОО-мен бірлескен ғылыми орталықтар үшін).

6. Шетелдік ғылыми консультанттың (бар болса) ұйымның ресми бланкісінде электрондық поштаның ресми жұмыс мекенжайын (ұйымның ресми доменінен) және пошталық мекенжайын көрсете отырып, қол қойылған келісімі.

7. Докторанттың докторантураның білім беру бағдарламасын меңгеруін аяқтағанын растайтын жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан анықтама (докторантураның білім беру бағдарламасын меңгеруді аяқтаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған адамдар үшін).

#### **5. «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалым-постдокторанттардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурса қатысуға өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар, жекеше әріптес тарапынан салымның көлемі мен шарттары**

1. Конкурса қатысуға өтінім 1-қосымшаға сәйкес жасалады. Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал түсіндірме жазба және сұратылатын қаржыландыру есебі мемлекеттік немесе орыс, сондай - ақ ағылшын тілдерінде жасалады. Өтінім мәтінінің мазмұны 2 (екі) тілде бірдей болуы тиіс.

Өтінімнің Word форматындағы мазмұны ақпараттық жүйедегі мазмұнмен бірдей болуы тиіс is.ncste.kz.

2. Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі тиіс.

3. Өтінімде жобаның іске асырылу мерзімі – 34 ай (күнтізбелік жоспарда жұмыстарды орындаудың басталуы – 2023 жылғы ақпан) туралы ақпарат қамтылуы тиіс.

4. Қолданбалы зерттеулер жөніндегі постдокторантураға грант алуға үміткер қатысушы ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер жобаларын (ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру Қағидаларына сәйкес) қоспағанда, жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 0,1% - ын жобаны ішінара қажетті, оның ішінде қаржылық ресурстармен қамтамасыз ете отырып, жекеше әріптестің

қатысуын қамтамасыз етеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру қағидаларына сәйкес).

Іске асыру мерзімдері, жобаның атауы, салым сомасы немесе қажетті ресурстар көрсетілген, сондай-ақ Тараптардың қолдары қойылған және мөрлерімен куәландырылған салым туралы еркін нысандағы келісім тараптардың ниетін растау болып табылады.

5. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер «коммерциялық құпия» деген міндетті белгімен ұсынылады.

## 6. Конкурса өтінім беру процесі

1. Өтініш беруші конкурса постдокторанттың және отандық ғылыми консультанттың (бар болса) электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған өтінімді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне электрондық түрде, Орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы мына сілтеме бойынша береді: [www.is.ncste.kz](http://www.is.ncste.kz). Постдокторант және ғылыми консультанттардың бейіндерінде Орталықтың ақпараттық жүйесінде автордың сәйкестендіргіштері көрсетілуі тиіс (егер бар болса Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу қағидаларының 2-тармағының 12)-тармақшасына сәйкес өтініш беруші Орталықтың ақпараттық жүйесінде жеке тіркеу нөмірін (бұдан әрі-ЖТН) алады.

Өтінім беруші ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылғаннан кейін өтінім қайта қайтарып алынбайды және оған қол қойылмайды.

2. Өтінімдер қабылданбайды және өтініш берушіге келесі жағдайда қайтарылады:

1) өтінімді ресімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі және талап етілетін құжаттардың ұсынылмауы;

2) плагиат фактілерінің болуы;

3) МҒТС объектісінің тақырыбын немесе мазмұнын бұрын берілген, бірақ қаржыландыру үшін мақұлданбаған не бір мезгілде берілген МҒТС объектілерімен қайталау фактілерінің болуы;

4) гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурса қатысушының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәлігінің болмауы;

5) постдокторант пен ғылыми консультанттардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;

6) күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттаманың 7-бөлімі 1-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

7) этика және биоэтика мәселелері жөніндегі орталық немесе жергілікті комиссиялардың оң қорытындысының болмауы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін);

8) шетелдік консультанттың (бар болса) қол қойылған келісімін ұсынбауы;

9) 3-бөлімнің 5-тармағында көрсетілген берілетін өтінімдер санының артуы;

10) қолданбалы жоба бойынша жекеше әріптес тарапынан салым туралы келісімді бермеу;

11) постдокторлық бағдарламаның немесе Ереженің болмауы.

12) докторанттың докторантураның білім беру бағдарламасын меңгергенін аяқтағанын растайтын жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан анықтама ұсынбау (докторантураның білім беру бағдарламасын меңгергенін аяқтаған, бірақ докторлық диссертация қорғамаған адамдар үшін).



Өтінім беруші ұйымдастырушының өтінімді пысықтауға жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пысықталған өтінімді ұйымдастырушының ақпараттық жүйесі арқылы жібереді.

Өтінім ескертулер жойылмаған жағдайда өтінім берушіге қайтарылады.

Ұйымдастырушы пысықтау мерзімі аяқталғаннан кейін берілген өтінімдерді MFTC жүргізбестен Тапсырыс берушіге қайтарады.

## **7. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар**

### **1. Ғылыми жарияланымдар**

1.1 Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша постдокторант мынадай ең төменгі нәтижелерді алуға тиіс:

Жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар, медицина және денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау :

-Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильдегі немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша кемінде 50 процентилі бар журналдарда кемінде 2 (екі) мақала;

Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау:

- Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала

Немесе:

рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған постдокторанттың үлесі 6 б. п. кем емес 1 (бір) кем емес монография;

- рецензияланған шетелдік және (немесе) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 (бес) мақаладан және(немесе) шолулардан кем емес;

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс басымдығы шеңберіндегі жобалар бойынша:

- БҒСҚК ұсынған журналдарда және (немесе) басқа отандық рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала.

1.2 Бір жарияланым нөмірі тиісті жарияланымды қаржыландыру туралы мәтінде бірінші көрсетілген жоба бойынша ғана есептеледі.

1.3 Web of Science (оның ішінде – Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index) және Scopus дерекқорында индекстелетін журналдардағы мақалалар ретінде тек осы базаларда индекстелген (бар) және Article (мақала) немесе Article in Press (баспасөздегі мақала) типі бар мақалалар ғана есептеледі. Scopus базасындағы CiteScore журналының квартилі мен процентилі журналға мақаланы берген датасы немесе жарияланған жылымен есепке алынады.

1.4 7-бөлімнің 1.1-тармағында көрсетілген жарияланымдарда постдокторант хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор болуы тиіс. Халықаралық журналдарда талап етілетін мақалалардың немесе шолулардың барлығын жариялау процесінде (әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы зерттеулерден басқа) постдокторант мақаланың соңғы нұсқасын дайындауы, оны журналға жіберуі және журнал редакциясымен байланысқа жауап беруі тиіс.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелер 7-бөлімнің талаптарынан төмен болмауы тиіс.

3. Жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер,

монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, Оқу құралдары және т.б.) жариялау кезінде авторлар Жобаның ЖТН және қаржыландыру көзін (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті) көрсете отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауға тиіс. Ағылшын тілді жарияланымдардағы қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: «*This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP00000000)*», мұнда AP00000000 - ЖТН жобасы.

4. Өтінім берушінің және (немесе) жоба басшысының келісімі талап етілмей, ЖТБ, мақұлданған жоба мен өтінім берушінің атауын, жоба басшысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), өтінім аннотациясын, жобаны іске асырудың әрбір жылы үшін күтілетін нәтижелердің және алынған нәтижелердің аннотациясын (баспа және (немесе) электрондық нысанда) жариялау құқығы Орталыққа беріледі.

5. Жоба шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен Орталықта міндетті мемлекеттік есепке алуға жатады.

6. Жобалар бойынша барлық есептер, қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, қарыз алуды анықтаудың лицензиялық жүйесінде (платформасында) тексерілуге тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде көрсетілуі тиіс.

## **8. Қаржыландыру**

1. Қаржыландыру үшін мақұлданған жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуға тиіс.

2. Гранттық қаржыландыру қаражаттарын постдокторант бөледі.

3. Өтінімнің мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін гранттық қаржыландыру қаражаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына сәйкес дайындалған және Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығыстардың түрлеріне жіберілуге тиіс.

4. Гранттық қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негізсіз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтініш беруші мен постдокторант жауапты болады.

5. Жобаларды орындаушы ұйымның гранттық қаржыландырудан қаражат ұстауына жол берілмейді.

6. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға арналған шарт заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады. Шартта көрсетілген ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер күнтізбелік жоспарға және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес келуге және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге осы конкурстық құжаттаманың 7-бөлімі 1-тармағының талаптарынан төмен болмауға тиіс.

7. Өтініш беруші заңнамада белгіленген тәртіппен жоба бойынша есепке алу мен есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді.

8. Постдокторант жобаны іске асырудан бас тартқан жағдайда ҰҒК шешімімен жобаны іске асыру тоқтатылады, шарт бұзылады, ал жұмсалмаған қаражат Ғылым комитетіне қайтарылады. Егер осы жағдайда жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілмеген болса, осы бөлімнің 10-тармағындағы шектеулер қолданылады.

9. Орындаушы мониторинг актісіне қол қоюдан бас тартқан және (немесе) құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ сараптама тобының мүшелерін жобаны іске

асыру орнына жіберуге кедергі болған кезде жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыным енгізіледі және мониторинг актілері қарау үшін тиісті ҰҒК-ға жіберіледі.

Жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы ҰҒК шешім қабылдаған кезде уәкілетті орган орындаушымен шартты бұзады.

10. Конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, ҰҒК шешімі бойынша постдокторант нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін (нәтижелерге қол жеткізу туралы Ғылым комитеті мен Орталыққа хабарланады), бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге Ғылым комитеті жариялайтын келесі конкурстарға ғылыми жетекші немесе постдокторант ретінде қатысудан шеттетіледі. Ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған тең авторлық, қайталау, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді фабрикациялау және бұрмалау және т.б.) не ҰҒК шешімімен жоба бойынша аралық немесе қорытынды есепті мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда, постдокторант Ғылым комитеті жариялайтын келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі. Постдокторант жобаны іске асырудан бас тартқан жағдайда, ол ғылыми жетекші ретінде Ғылым комитеті жариялаған келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

11. Осы жобаны орындау кезеңінде постдокторанттың басқа гранттық және/немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына алғашқы екі жылда зерттеу тобының қатысушысы ретінде немесе осы жобаны іске асырудың үшінші жылында жетекші немесе зерттеу тобының қатысушысы ретінде қатысуға құқығы бар.

**«Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға арналған өтінім**

Өтінім мынадай бөліктерден тұрады:

- 1) аннотация;
- 2) түсіндірме жазба;
- 3) сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы.

**1. Аннотация**

Аннотацияда жоба мақсатының, өзі зерттеуге бағытталған проблемалардың, зерттеулер жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің, зерттеулер нәтижелерінің ғылыми ұйымдардың және олардың ұжымының, ғалымдардың ғылыми-техникалық әлеуеті (оның ішінде – кадрлық) мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету деңгейінің, зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығының, яғни олардың коммерцияландыруға немесе Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін өзге сапада қолданылуға әзірлігі деңгейінің қысқаша сипаттамасы қамтылады.

Аннотация көлемі 600 сөзден аспауға тиіс.

**2. Түсіндірме жазба**

Түсіндірме жазбаның мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептеген кезде есепке алынбайды):

**1. Жалпы ақпарат**

- 1.1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].
- 1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
- 1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу саласы мен түрі.
- 1.4. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.
- 1.5. Гранттық қаржыландырудың сұратылатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгеде).
- 1.6. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

**2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден артық емес]**

**2.1. Кіріспе бөлім [100 сөзден артық емес]**

Жоба идеясының, өзі шешуді көздейтін проблеманың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

**2.2. Жобаның мақсаты [50 сөзден артық емес]**

Мақсат қысқа әрі нақты баяндалады, ол жоба тақырыбына сәйкес келуге, қол жеткізілетін болуға және жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуге тиіс.

### **2.3. Жобаның міндеттері [400 сөзден артық емес]**

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан, сабақтас міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Қойылған міндеттердің тізбесі:

- 1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштерімен;
- 2) міндеттердің әрқайсысының жоба мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен жобаның күтілетін нәтижелерімен өзара байланысының қысқаша негіздемесімен;
- 3) өтінім берушінің ойынша басқа маңызды параметрлермен бірге беріледі.

### **3. Жобаның ғылыми жаңашылдығы және маңыздылығы [1500 сөзден артық емес]**

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) жобаны әзірлеудің алғышарттары (бар болса, алдын ала нәтижелер және (немесе) жоба тақырыбына қатысты өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);
- 2) мұның алдында әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген, зерттелетін тақырыпқа жататын ғылыми зерттеулерге, білімнің қазіргі жеткіліксіздігіне міндетті шолу жасай отырып, жобаның ғылыми жаңашылдығының негіздемесі және олардың осы жобамен өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуге тиіс, оның толық жазылуы «Библиография» деген 8-бөлімде ұсынылуға тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі қолда бар аналогтармен салыстыру;
- 3) жоба нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді енгізу), жобаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы;
- 4) жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне әсері, жобаның нәтижелерінен күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер, күтілетін әсерге қол жеткізу үшін қажетті шарттар.

Осы бөлімді сипаттау кезінде мынадай позициялардың сипаттамасына назар аудару қажет:

- 1) жоба идеясының қазіргі аналогтардан қағидаттық сипаттағы айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, онда жобаның артықшылығы неде және ол неге қаржыландырылуға тиіс екенін негіздеу қажет;
- 2) егер жобаның түпкілікті нәтижесі өнім болса, онда жоба шеңберінде ұсынылатын өніммен салыстыра отырып, жобаның пәндік саласындағы техниканың қазіргі уақытта қалыптасқан деңгейін сипаттау қажет;
- 3) жоба өтінім беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылатын жағдайда, онда жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан өзгешеліктерін қысқа әрі нақты баяндау қажет.

### **4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]**

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) жобаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, жобада қолданылатын зерттеу типтері (сипаттаушылық, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеулер жүргізудің дәйектілігі;
- 2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;
- 3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде жобада пайдаланылатын зерттеу әдістерін сипаттау, олардың жобаның мақсатымен және міндеттерімен өзара байланысы, өзаралық байланыста болуы;

4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және жобаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың анықтығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсетіп, таңдауды негіздеу қажет).

## **5. Жобаны басқару**

Зерттеу тобының құрамы 1-кестеге сәйкес ресімделеді. Жоспарланатын штаттың кемінде 70 %-ының (жетпіс пайыз) толық деректері көрсетіледі (зерттеу тобының негізгі персоналы). Қосымша персонал үшін (грант алған жағдайда, тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30 %-ына дейін) кестеде олардың жобадағы орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.

Жобаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдары, оның ішінде дәйексөз алу индексімен, басылымның квантилімен (процентімен) және тиісті ғылыми метрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелермен бірге көрсетілуге тиіс.

Зерттеу тобының негізгі персоналының жоба бағыты бойынша жарияланымдары туралы (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланым), дәйексөз алу индексі және тиісті ғылыми-метрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелері бар мәліметтер келтірілуге тиіс. Зерттеу тобы мүшелерінің тегі асты сызылып көрсетілуге тиіс.

## **6. Зерттеу ортасы [750 сөзден артық емес]**

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1) жобаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын өтінім берушінің қолында бар материалдық-техникалық базаны (жабдықтар, аспаптар, мүкәммал, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т. б.), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу дағдысы бар зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып сипаттау;

2) жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар мен жекеше әріптестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесі көрсетіледі. Негіздей отырып, басқа да отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалану;

3) әрбір ұйымды тарту қажеттілігін негіздеп, оның жобадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипатын, мақсатқа және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттай отырып, жобаны іске асыруға бөгде ұйымдарды тарту;

4) ұтқырлықты негіздеу: ғылыми іссапарлар және олардың жобаны іске асыруға әсері, әріптес ұйымдар базасындағы жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және орындаушының жобаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқаша көрсетіледі.

## **7. Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі (1500 сөзден артық емес).**

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1. 2-кестеге сәйкес жоба (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Жобаның бюджетін жобаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және оны осы жобаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына бағыттауға болмайды.

«Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)» деген бапта 3-кестеге сәйкес постдокторанттарды, сондай-ақ қаржылық-экономикалық және заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыратын адамдарды қоса алғанда, жобаның зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйақы ретінде төлеуге жататын шығыстар жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы ескеріле отырып көрсетіледі. Есеп-қисапта өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалысақылар да ескеріледі. Бапта әлеуметтік салықты, әлеуметтік сақтандыруды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жұмсалған шығыстар да көрсетіледі.

«Қызметтік іссапарлар» деген бапта 4-кестеге сәйкес конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуды, басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану үшін баруды қоса алғанда, зерттеулер жүргізумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасының шегінде және оның шегінен тысқары жерге іссапарлардың барлық шығыстары көрсетіледі (билеттер бойынша (авто, теміржол, әуе билеттері) қызмет көрсететін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарын қоса беру керек). Аталған кестені толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысын басшылыққа алу қажет.

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар» деген бапта 5-кестеге сәйкес орындаушының кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын, нәтижесі жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде (1) ұжымдық ғылыми зертханалар мен басқа да зертханалардың көрсетілетін қызметтеріне, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, (3) конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқаларға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналарға, (4) жобаның нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге, (5) зерттеу нәтижелерін жариялауға, (6) талдамалық материалдарды сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек). Жобаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болып табылатын жағдайда, олардың қатысуға арналған шығыстары «Еңбекке ақы төлеу» деген бөлімде көрсетіледі.

«Материалдар сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу» деген бапта 6-кестеге сәйкес жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті жабдықтар мен материалдарға арналған барлық шығындар мен бағдарламалық қамтылымды сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі, оның ішінде химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, зертханалық шығыс материалдар, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және басқалар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек).

«Жалға алу шығыстары, жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары» деген бапта 7-кестеге сәйкес өтінім берушінің тиісті үй-жайы болмаған кезде жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алуға, сондай-ақ жобаны іске асыруға байланысты коммуналдық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар, сондай-ақ зерттеу жүргізуге тікелей жұмылдырылған үй-жайларға, жабдықтар мен техникаларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек).

2. 3-7-кестелерге сәйкес шығыстардың әрбір бабына есеп-қисаптар

3. Әрбір шығыстар бабының мазмұны мен көлемінің есебіне олардың жобаның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажеттілігін міндетті түрде негіздеп, сондай-ақ тиісті шығыстар баптарын есептеуге негіз болған бағалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, қысқаша түсіндірмелер.

Барлық шығыстар баптарының жалпы сомасы қаржыландыруға сұратылатын соманы білдіреді және «Жалпы ақпарат» деген бөлімнің 1.5-тармағында көрсетілген сомаға барабар болуға тиіс.

## **8. Жобаны іске асыру жоспары**

Бөлім 8-кестеге сәйкес жоба бойынша жұмыстардың егжей-тегжейлі, дәйекті жұмыс жоспарын қамтиды.

### **9. Күтілетін нәтижелер [750 сөзден артық емес]**

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру нысандары көрсетіле отырып сипатталады. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиженің негіздемесі келтіріледі.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына байланысты жоба нәтижесін іске асыру нысандары мыналар болып табылуы мүмкін:

1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жариялау (жоба нәтижелерін жариялауға арналған болжамды басылымдар, басылымның дәйексөз алу индексі, тиісті ғылыми метрикалық базадағы басылым туралы ақпаратқа сілтеме жасай отырып). Зерттеулердің нәтижелері бойынша мақалалар санына қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді. Гранттық қаржыландыру көзі ретінде көрсетіле отырып, әрбір бап оның шеңберінде қаржыландырылған жобаның сәйкестендіруші тіркеу нөмірі және атауы туралы ақпаратты қамтуға тиіс;

2) шетелдік және (немесе) қазақстандық баспалар кітаптарында монографияларды, кітаптарды және (немесе) кітаптардағы тарауларды жариялау;

3) шетелдік (еуропалық, американдық, жапондық) патенттік бюродан, қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патенттер алу;

4) ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;

5) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастықтары және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату;

6) конкурстық құжаттаманың талаптарына және жобаның ерекшеліктеріне сәйкес басқа да өлшенетін нәтижелер. Бөлімде:

1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және нысаналы тұтынушылары;

2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен сабақтас салаларын дамытуға әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылымдығы және (немесе) мүмкіндігі;

4) негіздемесі бар жоба нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсері;

5) сапалық және сандық сипаттамаларын көрсете отырып, жобаның басқа да тікелей және жанама нәтижелері қосымша көрсетіледі.

### **10. Библиография**

Бөлімде «Жобаның ғылыми жаңашылдығы мен маңыздылығы» деген 3-тармақта сілтемелер келтірілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет нөмірлері, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының есімдері болуға тиіс.

Қосымша:

1) 9-кестеге сәйкес жекеше әріптес тарапынан жобаны іске асыруға үлес қосу жоспары (қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін).

### **3. Сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы**

«Сұратылатын қаржыландыру есеп-қисабының» бір бөлігі гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру үшін сұратылатын көлемнің есеп-қисабын негіздейтін 2 – 7-кестелер түрінде ресімделеді, олар сараптама орталығының ақпараттық жүйесінде толтырылады.

Есеп-қисаптарға түсіндірмелер «Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі» деген 7-бөлімнің «Түсіндірме жазба» деген бөлігінде келтіріледі.



1-кесте – Шетелдік ғалымдарды, жас ғалымдарды (постдокторанттарды ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі зерттеу тобының құрамы

P/c №	Т.А.Ә. (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы <sup>1</sup>	Негізгі жұмыс орны, лауазымы <sup>2</sup>	Хирш индексі, ResearcherID, ORCID, Scopus Author ID сәйкестендіргіштері (бар болса)	Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипаты	Қатысудың қысқаша негіздемесі

<sup>2</sup> Деректері өтінімді дайындау күнінде белгісіз болған және оларды грант алған жағдайда тарту жоспарланатын зерттеу тобының мүшелері үшін «Т.А.Ә. (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы» деген бағанда «Бос жұмыс орны» деген сөз көрсетіледі.

<sup>3</sup> Негізгі персоналға жатпайтын және өтінімді дайындау күнінде айқындалмаған зерттеу тобының мүшелері үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» деген бағанда сызықша көрсетіледі. Деректері өтінімді дайындау кезінде белгісіз болған постдокторанттар үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» деген бағанда мәртебесі көрсетіледі (постдокторант, зерттеу тобының құрамына тиісті қызметкерлерді тарту болжанатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы).

2-кесте – Сұратылатын сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есеп-қисабы

P/c №	Шығыстар бабының атауы	Қаржыландыру көлемі, мың теңге			
		Барлығы	20__ жыл (1-жыл)	20__ жыл (2-жыл)	20__ жыл (3-жыл)
1.	Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)				
2.	Қызметтік іссапарлар				
3.	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар				
4.	Материалдар сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу				
5.	Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары				
Жиыны					

3-кесте – Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)

P/c №	Позиция	Еңбекке ақы төлеу, теңге												
		1-жыл				2-жыл				3-жыл				Барлығы (6-бағ. × 10-бағ. × 14-бағ.)
		Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке ақы төлеу айына, теңге	Жұмыс айының саны	Сомасы (3-бағ. × 4-бағ. × 5-бағ.)	Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке төлеу айына, теңге	Жұмыс айының саны	Сомасы (7-бағ. × 8-бағ. × 9-бағ.)	Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке төлеу айына, теңге	Жұмыс айының саны	Сомасы (11-бағ. × 12-бағ. × 13-бағ.)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1.	Зерттеу			х				х				х		

	тобының негізгі персоналы													
1.1.														
1.2.														
...														
2.	Қосымша персонал			x				x				x		
2.1.														
2.2.														
...														
3.	Жиыны Еңбекке ақы төлеу қоры (1-бағ.+ 2-бағ.)	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (жиыны 4.1-бағ + 4.2-бағ + 4.3-бағ)	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.1	Әлеуметтік салықты төлеуге	x	x	x		x	x	x		x	x	x		

	арналған шығыстарды есептеу													
4.2	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығыстарды есептеу	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.3	Міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
Барлығы (3-бағ + 4-бағ)		x	x	x		x	x	x		x	x	x		

4-кесте – Қызметтік іссапарлар

Р/с №	Межелі пункті (ел, қала, елді мекен атауы)	1 адамға арналған тәуліктік	1 адамға арналған тәулігіне	Тәуліктік шығыстарды есептеу үшін	Тұрғын үй-жайды жалдау бойынша	Іссапарға жіберілетін адамдардың	Бір рет екі жаққа да жол	Шығыстар сомасы (мың теңге) (3-бағ x 5-бағ + 4-бағ x 6-
-------	--	-----------------------------	-----------------------------	-----------------------------------	--------------------------------	----------------------------------	--------------------------	---

		шығыстарды өтеу нормасы (2 х айлық есептік көрсеткіш) (теңге)	тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар нормасы (теңге)	орташа жылдық адам/ күн саны (адам/күн)	шығысты есептеу үшін орташа жылдық адам/күн саны (адам/күн)	орташа жылдық саны (адам)	жүрудің орташа құны (теңге)	бағ + 7-бағ x 8-бағ)/1000
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	20__ жыл (1-ші жыл) барлығы						x	
1.1.								
1.2.								
...								
2.	20__ жыл (2-ші жыл) барлығы						x	
2.1.								
2.2.								
...								
3.	20__ жыл (3-ші жыл) барлығы						x	
3.1.								
3.2.								
...								
Жиыны (1-бағ + 2-бағ + 3-бағ)							x	

5-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Бірлігіне құны, теңге	Жалпы құны, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20__ жыл (1-ші жыл)			x	

	барлығы				
1.1.					
1.2.					
...					
2.	20 __ жыл (2-ші жыл) барлығы			x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20 __ жыл (3-ші жыл) барлығы			x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ + 2 -бағ+ 3-бағ), теңге				x	

6-кесте – Материалдар, жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін)  
сатып алу

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Бірлігіне құны, теңге	Жалпы құны, теңге (4-бағ × 5- бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20 __ жыл (1-ші жыл) барлығы			x	
1.1.					
1.2.					
...					
2.	20 __ жыл (2-ші жыл) барлығы			x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20 __ жыл (3-ші жыл) барлығы			x	
3.1.					

3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ + 2 -бағ+ 3-бағ), теңге				x	

7-кесте – Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігіне құны	Саны, бірлік	Барлығы, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20 жыл (1-жыл), барлығы		x	x	
1.1.					
1.2.					
...					
2.	20 жыл (2-жыл), барлығы		x	x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20 жыл (3-жыл), барлығы		x	x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)			x	x	

8-кесте – Іске асыру жөніндегі жұмыстардың жоспары

Р/с №	Міндеттердің және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде), аяқтау нысаны
-------	---	-----------------	--

		Басталуы (ай)	Аяқталуы (ай)	
20 ____ ЖЫЛ				
20 ____ ЖЫЛ				
20 ____ ЖЫЛ				

9-кесте – Өріптестің салым салу жоспары

Р/с №	Өріптестің атауы, мекенжайы, байланыс ақпараты	Салым нысаны (50 сөзден артық емес)	Салымның құны, мың теңге	Енгізу күні (күн/ай/жыл)
----------	---	--	-----------------------------	-----------------------------



1	2	3	4	5

## Гранттық қаржыландыруға арналған

№ \_\_\_\_\_ ШАРТ

Астана қ.

«    » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2021 жылғы 17 тамыздағы № 864-К бұйрығымен және ғылым министрінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 169-ж/к бұйрығымен және Жауапты хатшының 2018 жылдың 10 шілдесіндегі № 169-К бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін бекіту туралы ереженің негізінде әрекет ететін, Төраға \_\_\_\_\_ тұлғасындағы, бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» мемлекеттік мекемесі, бір тараптан, және берілген/бекітілген (жеке тұлғалар үшін мекеме және берілген кезі \_\_\_\_\_ «    » \_\_\_\_\_ /заңды тұлғалар үшін \_\_\_\_\_ жылғы «    » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_) негізінде әрекет ететін (тек заңды тұлғалар үшін басшының лауазымы, Т.А.Ә.), (жеке тұлғалар үшін жеке куәлік/заңды тұлғалар үшін заңдық құжат) тұлғасындағы, бұдан әрі Орындаушы деп аталатын (жеке тұлғалар үшін Т.А.Ә./ заңды тұлғалар үшін ұйымның заңдық атауы), екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 96 – бабы, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі-Салық кодексі) 394-бабы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңының 24, 26-тармақтары, "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысының 64-тармағы. 38,39 "Ұлттық ғылыми кеңестер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысы негізінде, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті төрайымының «2020-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасын бекіту туралы» 2020 жылғы «    » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығы негізінде, Ұлттық ғылыми кеңестердің (Іске асырылатын басымдық көрсетіледі) 8 басымдық бойынша қаржылық қаржыландыру туралы шешімдері (2020 жылғы «    » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама), Ғылым комитеті төрағасының (Іске асырылатын басымдық көрсетіледі) бойынша «2022-2024 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру туралы Ұлттық ғылыми кеңестің шешімін бекіту туралы» 201\_ жылғы «    » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығы негізінде төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

### 1. Шарттың мәні

1.1 Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы өзіне жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (сомасын жазбаша көрсету) болатын жобаны іске асырудың барлық кезеңінде 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы, «Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерді төлеу» бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс аясында ғылыми зерттеу (лер) жұмыстарын орындау міндеттерін жылдарға бөле отырып, алады:

2023 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша – \_\_\_\_\_ сомасында (сомасын жазбаша көрсету);

2024 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша \_\_\_\_\_ сомасында (сомасын жазбаша көрсету);

2025 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша \_\_\_\_\_ сомасында (сомасын жазбаша көрсету) басымдық бойынша: (атауын көрсету) және тақырып (тар) бойынша: 1) ЖТН " \_\_\_\_\_ " (ұйым бойынша тиісті басымдық жобаларының тақырыптарын көрсету).

1.2 Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асырудың негізгі кезеңдерінің мазмұны, орындалу мерзімдері мен нәтижелері жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен және Орындаушының гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық өтініміне сәйкес күтілетін нәтижелерімен және конкурстық құжаттаманың тиісті талаптарымен айқындалады.

1.3 Төменде көрсетілген құжаттар мен шарттар осы Келісімшартты құратын оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) Осы Шарт;
- 2) Жұмыстың күнтізбелік жоспары (1.1-1-қосымша);
- 3) Бөлінген қаражат туралы есеп (2.1-2-қосымша).

## **2. Ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы**

2.1 Күнтізбелік жоспардың (лардың) 2-тармағында көрсетілген біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштері, 1.1-1... қосымшаға сәйкес (тақырыптың көлеміне қарай) (мысалы, ұйым бойынша 5 тақырып - 1.1-1.5, 20 тақырып - 1.1-1.20).

## **3. Шарттың жалпы құны және төлем шарттары**

3.1 Шарттың жалпы сомасы құрайды \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен), (оның ішінде \_\_\_\_\_ теңге 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес), барлық жобаны іске асыру мерзімі, жылдар бойынша бөле отырып:

2023 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша \_\_\_\_\_ (сомасы жазумен), (оның ішінде \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес);

2024 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша \_\_\_\_\_ (сомасы жазумен), (оның ішінде \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес);

2025 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша \_\_\_\_\_ (сомасы жазумен), (оның ішінде \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, \_\_\_\_\_ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке барлық салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындар құнын қоса алғанда.

3.2 Тапсырыс беруші Орындаушының жұмысын төмендегідей тәртіпте төлейді: Тапсырыс беруші осы шарт Қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті жылға қаржыландыру сомасының 50% - ын алдын ала төлеуді жүзеге асырады.

Келесі төлем Орындаушы ұсынған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына және Тараптардың орындалған жұмыстар туралы актісіне қол қойған күннен соң алынған алғашқы төлемге сәйкес пропорционалдық жүйе бойынша төленеді.

Шарт бойынша тиісті қаржылық жылдың соңында түпкілікті төлем (жобаның іске асырылуының бірінші жылы, екінші жылында (аралық) Орындаушы төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес ұсынғаннан кейін: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есебін, Ұлттық ғылыми кеңестердің оң шешімін (дерін), бөлінген қаржыны пайдалану туралы есебін (Шартқа 2.1-2 қосымша) және бекітілген заңдарға сәйкес, атқарылған жұмыстардың актісіне Тараптар қол қойған соң жүргізіледі.

Шарт бойынша тиісті қаржылық жылдың соңында түпкілікті төлем (жобаның іске асырылуының үшінші жылы, (қорытынды)) Орындаушы төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес ұсынғаннан кейін: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есебін, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысын, Ұлттық ғылыми кеңестердің оң шешімін (дерін), бөлінген қаржыны пайдалану туралы есебі (Шартқа 2.1-2 қосымша) және бекітілген заңдарға сәйкес, атқарылған жұмыстардың актісіне Тараптар қол қойған соң жүргізіледі. ЖТС Астана қаласы бойынша Мемлекеттік табыстар департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік табыстар басқармасы РМБ-на аударылады БСН ЖСН.

3.3 Қаржыландыру көзі: Республикалық бюджет.

3.4 Орындаушы және бірлесіп орындаушылар өздеріне тиісті рет бойынша бухгалтерлік есеп және жұмыстың әр кезеңдеріндегі жасалған нәтиженің құнына заңнамалық тәртіппен нақты талдау жасауы міндетті.

3.5 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы 2017 жылдың 25 желтоқсанындағы Кодексінің 394-бабының 40) тармақшасына сәйкес Орындаушы қосымша құн салығынан босатылады.

#### **4. Жұмысты тексеру және қабылдау тәртібі**

4.1 Іске асырылуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын шарттар бойынша орындаушылар сараптама орталығына ағымдағы есепті жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей сараптама орталығының ақпараттық жүйесі арқылы күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаның іске асырылуы туралы қысқаша мәліметтерді ұсынады. Орындаушылар уәкілетті органға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептерді (жоба аяқталғаннан кейін) ағымдағы есепті жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

4.2 Орындаушы Тапсырыс берушіге гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті ((аралық) (бірінші жыл (іске асыру мерзімі 1 (бір жыл) жобаларды қоспағанда), жобаларды іске асырудың екінші жылы (іске асыру мерзімі 2 (екі жыл) жобаларды қоспағанда) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде және қорытынды есепті жылдың 10 желтоқсанына дейін осы Шартқа, сондай-ақ орындалған жұмыстар актісін және Ұлттық Ғылыми Кеңестің шешімін ағымдағы есепті жылдың 10 желтоқсанына дейін ұсынады.

Орындаушы гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепте көрсетілетін мәліметтердің анықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

4.3 Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыру процесінде кері нәтиже алудың болмай қоймайтындығы немесе Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны одан әрі жүргізудің тиімсіздігі анықталса, Орындаушы оларды тоқтата тұруға, бұл туралы жұмыс тоқтатылғаннан кейін бес күндік мерзімде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.

Бұл жағдайда тараптар Ұлттық ғылыми кеңестің (- тердің) шешімін алу арқылы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны жалғастырудың орындылығы мен бағыттары туралы мәселені қарауға міндетті.

4.4. Жоба барысында мемлекеттік ұйымдар сатып алған құрал, жабдық және (немесе) инвентарь олардың балансына бекітіледі.

## **5. Тараптардың жауапкершілігі**

5.1 Шарттағы көрсетілген міндеттер орындалмаған жағдайда, тараптар заңнамада белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

5.2 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша жұмыстар осы Шарттың 1.1-1-қосымшасында және Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде орындалмаған жағдайда, Орындаушы әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның тиісті ағымдағы жылы сомасының 0,03% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын тиісті бюджеттің кірісіне төлейді.

Күнтізбелік жұмыс жоспарында көзделген жұмыстар орындалмаған және тиісінше орындалмаған жағдайда (1.1-1-қосымша). ) Орындаушы әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның тиісті ағымдағы жылы сомасының 0,04% - ы мөлшерінде тиісті бюджет кірісіне тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының сомасын шегеру үшін Орындаушы мен Тапсырыс беруші Республикалық бюджеттің кірісіне Орындаушы тұрақсыздық айыбын төлеген және растайтын құжатты ұсынған жағдайларды қоспағанда, Шартқа қосымша келісім жасасады.

5.3 Орындаушы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша жұмыстарды орындамаған және дұрыс орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші жобаның кез келген кезеңінде Ұлттық ғылыми кеңестің шешіміне сәйкес қаржыландыруды тоқтата алады.

5.4 Гранттық қаржыландыру қаражаты ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны тікелей басқару үшін Өтінім беруші тағайындаған ғылыми жетекшісіне гранттық қаржыландыруға арналған өтінімге сәйкес беріледі.

5.5 Гранттық қаржыландырудың қаражаты бекітілген заңдардың талаптарына сәйкес, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға қатысты шығындарға бағытталуы тиіс.

5.6 Гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражат тиімсіз және негізсіз басқа мақсатқа жұмсалса, Орындаушы бекітілген заңнамалық талаптар бойынша жауапты болады.

## **6. Өзге де шарттар**

6.1 Жобаны (ларды) іске асыру процесінде орындаушы осы конкурстық құжаттаманы ұстануға міндетті.

6.2 Жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т.б.) жариялау кезінде авторлар жобаның ЖТН және қаржыландыру көзін (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті) көрсете отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауға тиіс.

Орындаушы гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және заңдылығын қамтамасыз етеді.

6.3 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың іске асырылу барысына және олардың нәтижелілігіне, оның ішінде жергілікті жерге барып мониторинг жүргізу, сондай-ақ жүргізілетін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың нәтижелілігінің мониторингін жүзеге асыру қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6.4 "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілетін жағдайда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны орындауға бөлінетін қаражаттың көлемін тиісті қаржы жылына бөлінетін бөлігін азайтып, Тапсырыс беруші Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде Шарттың 3.1-тармағына, күнтізбелік жұмыс жоспарына (Шартқа 1.1-1 қосымшасы) талапқа сай өзгерістер енгізе алады.

6.5 Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық мекемесіне «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 ( )\_ жылдан тіркеуге қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті саналады.

6.6 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есепті мемлекеттік есепке алу қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми – техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік есепке алу қағидаларына сәйкес Орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында (бұдан әрі-Орталық) міндетті мемлекеттік есепке алуға жатады .

6.7 Үшінші тараптың барлық наразылықтарына Орындаушы жауапты болады.

6.8 Шарт бірдей заңды күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан екі данада жасалды.

6.9 Осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен ресімделеді және оларға Тараптардың бірінші басшылары қол қояды.

### **Тараптардың заңды мекенжайлары** (бөлек бетке орналастыруға болмайды)

#### **Тапсырыс беруші:**

«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ

Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8

БИН 061 140 007 608

БИК КК MF KZ 2A

ИИК KZ92 0701 01KS N000 0000

Кбе 11

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті»

#### **Орындаушы:**

Мекеменің заңды атауы

Заңды мекен-жайы

Облыс, қала, көше, үй

БИН XXX XXX XXX ...

БИК XX XX XX

ИИК XXXX XXXX XXXX ...

Кбе XXX

БАНК без филиала и города

#### **Лауазымы (Ұйымның атауысыз)**

#### **Төраға**

\_\_\_\_\_ **Тегі.А.Ә.**

**М.О.**

#### **Фамилия. И.О.**

\_\_\_\_\_ **М.О.**

(ескерту - көк, шарикті қаламмен қол қою, мөрді анық басып шығару)

**(ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРДІ ЖЕКЕ БЕТТЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ)**

## КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

Шарт № \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

### 1. ОРЫНДАУШЫНЫҢ АТАУЫ (заңды, немесе жеке тұлға)

- 1.1 Басым бағыты: \_\_\_\_\_ толтыру.
- 1.2 Қосалқы басымдығы: \_\_\_\_\_ Толтыру.
- 1.3 Жоба тақырыбы бойынша: ИРН \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» Толтыру.
- 1.4 Жобаның жалпы сомасы XXXXXX (жоба сомасының сандық мәні) (жазбаша) теңге, оның ішінде жылдар бойынша бөле отырып, 3-тармаққа сәйкес жұмыстарды орындау үшін:
- 2023 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге;
  - 2024 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге;
  - 2025 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге.

### 2. Ғылыми-техникалық өнімнің біліктілік белгілері бойынша сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштер

- 2.1 Жұмыс бағыты: Толтыру.
- 2.2 Қолдану аясы: Толтыру.
- 2.3 Соңғы нәтиже:
- 2023 жылға: Толтыру;
  - 2024 жылға: Толтыру;
  - 2025 жылға: Толтыру.
- 2.4 Патент қабілеттілігі: Толтыру.
- 2.5 Ғылыми-техникалық деңгей (жаңалық): Толтыру.
- 2.6 Ғылыми-техникалық өнімді пайдалану: Кім пайдаланады? Толтыру
- 2.7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалану түрі: Толтыру.

### 3. Жұмыстардың атауы, оларды іске асыру мерзімдері және нәтижелері

Тапсырма, кезең шифры	Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері*	Орындау мерзімі*		Күтілетін нәтиже*
		басталуы	аяқталуы	

Ескертпе: \* - конкурстық өтінімнің күнтізбелік жоспарына сәйкес әрбір жыл бойынша

2022, 2023, 2024 жылдардағы жұмыстар, мерзімі және нәтижелері көрсетіледі.

Тапсырыс беруші:

«ҚР Білім және ғылым  
министрлігінің Ғылым комитеті» ММ

Т. А.Ә.  
м.о.

Орындаушы:

ЛАУАЗЫМЫ «Ұйымның атауы»

Ұйымның бірінші  
м.о. басшысының Т.А.Ә

Таныстым:  
Ғылыми жоба (лардың) жетекшісі  
Т.А.Ә.  
(қолтаңба)

(Қолтаңбаларды жеке бетте орналастыруға болмайды)

(Күнтізбелік жоспар жобаның әрбір тақырыбы бойынша жеке жасалады)



**ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ  
ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

№ p/c	Шығындар бабының атауы	Смета бойынша жоспарланған сома	Нақты жұмсалған сома	Қаражат ты үнемдеу	Растайтын құжаттардың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы					
2	Ғылыми іс- сапарлар:					
	Қазақстан Республикасы ішінде					
	Қазақстан Республикасы сыртында					
3	Басқа қызметтер мен жұмыстар					
4	Материалдарды сатып алу					
5	Жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы сатып алу (заңды тұлғалар үшін)					
6	Ғылыми- ұйымдастырушы лық қамтамасыз ету					
7	Үй-жайларды жалға алу					
8	Жабдықтар мен техниканы жалға алу					
9	Зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары					
10	Салықтар мен басқа міндеттер					
	<b>ЖИЫНЫ</b>	Барлығы	Барлығы	Барлығы		

--	--	--	--	--	--	--

Ескертпе:

- 1) Әрбір жоба бойынша есеп жеке толтырылады;
- 2) Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін Орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ұйым жетекшісі \_\_\_\_\_  
(қолтаңба) Т.А.Ә. (бар болса)

Ғылыми жоба жетекшісі \_\_\_\_\_  
(қолтаңба) Т.А.Ә. (бар болса)

Есепші-экономист \_\_\_\_\_  
(қолтаңба) Т.А.Ә. (бар болса)